

СЕГОДНЯ ТРАНСПОРТНАЯ ОТРАСЛЬ КАЗАХСТАНА – ОДИН ИЗ ДРАЙВЕРОВ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА. ПО ИТОГАМ ПРОШЛОГО ГОДА ОБЪЕМ ТРАНСПОРТНЫХ УСЛУГ СОСТАВИЛ 12,2 ТРИЛЛИОНА ТЕНГЕ, ИНВЕСТИЦИИ ПРЕВЫСИЛИ 4 ТРИЛЛИОНА ТЕНГЕ, А ОБЪЕМ ТРАНЗИТА ДОСТИГ 39 МИЛЛИОНОВ ТОНН С РОСТОМ НА 18%. КАЗАХСТАН ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНО РАСШИРЯЕТ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ СЕТИ, РЕАЛИЗУЕТ КРУПНЫЕ ИНФРАСТРУКТУРНЫЕ ПРОЕКТЫ И ВНЕДРЯЕТ ЦИФРОВЫЕ РЕШЕНИЯ, ВКЛЮЧАЯ IT-ПЛАТФОРМУ СРЕДНЕГО КОРИДОРА ДЛЯ ОТСЛЕЖИВАНИЯ КОНТЕЙНЕРОВ И УСКОРЕНИЯ ТАМОЖЕННЫХ ПРОЦЕДУР.



Жанибек ТАЙЖАНОВ,
вице-министр транспорта РК



№37 (3184)
15/05/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

МОДЕРНИЗАЦИЯ ИДЕТ ПО ПЛАНУ

Ход модернизации вокзалов в трех регионах Казахстана проинспектировало руководство АО «НК «ҚТЖ».

Заместитель председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Мурат Торегельдин совершил рабочую поездку по объектам железнодорожной инфраструктуры в городе Алматы, области Улытау и Карагандинском регионе, где ознакомился с ходом модернизации 10 железнодорожных вокзалов.

Во время инспекционного объезда посетили железнодорожные вокзалы Сарыбель, Мырза, Нура, Караганда-Сортировочная, Жаңа Қарағанды, Жаңаарқа, Жезказган, Каражал, Кызылжар и Алматы-1. Особое внимание руководством компании было уделено темпам строительства, качеству выполняемых работ, соблюдению производственных графиков, а также вопросам безопасности. Кроме того, состоялись рабочие совещания с руководством регионов, представителями подрядных организаций и техническими специалистами.

В области Улытау модернизация охватывает четыре железнодорожных вокзала – Жезказган, Жаңаарқа, Каражал и Кызылжар. По всем объектам получены положительные заключения РГП «Госэкспертиза», что подтверждает соответствие проектных решений установленным требованиям. В Карагандинской области работы ведутся на 14 объектах железнодорожной инфраструктуры, включая четыре пассажирские платформы.

Пристальное внимание в ходе поездки уделено вокзалу Алматы-1 – одному из крупнейших транспортных узлов страны площадью свыше 17 тысяч квадратных метров. Ежедневно через вокзал проходят более 2,5 тысячи пассажиров, а потенциальная пропускная способность объекта превышает шесть тысяч человек в сутки.

На объекте работы сейчас в активной фазе. В

рамках модернизации проводится усиление несущих конструкций, обновление инженерной инфраструктуры и комплексное повышение эксплуатационной надежности здания. Наиболее высокий уровень готовности достигнут по внутренним отделочным работам – 60%, наружным инженерным сетям – 57%, кровельным работам – 55%.



Полностью завершено строительство островного перрона из железобетонных конструкций.

Параллельно продолжаются работы по инженерным сетям, благоустройству прилегающей территории, строительству конкорса, подземного перехода и сопутствующей пассажирской инфраструктуры. Ключевой акцент сделан на повышении комфорта и безопасности пассажиров: создаются современные залы ожидания, внедряется безбарьерная среда, совершенствуется навигация.

Отдельный блок работ связан с повышением сейсмостойчивости объекта. Выполняется усиление несущих элементов, здание приводится в соответствие с действующими строительными нормами с учетом сейсмической специфики ре-

гиона. Одновременно модернизируются системы пожарной безопасности и видеонаблюдения.

По итогам рабочей поездки даны конкретные поручения по усилению строительного контроля, обеспечению качества выполняемых работ и безусловному соблюдению утвержденных сроков реализации проектов.

Напомним, с апреля 2025 года во всех регионах страны начаты работы по модернизации и реконструкции 125 железнодорожных вокзалов как в больших городах, так и отдаленных населенных пунктах. Модернизация включает восстановление и обновление зданий вокзалов и привокзальных территорий, замену инженерных систем.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА



ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ, УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

12 мая старейшее отраслевое издание Казахстана отметило свое 95-летие. «Қазақстан теміржолшысы» – не просто газета, а летопись железнодорожной отрасли, которую на линии и традиционно считают главным источником официальной и деловой информации, площадкой, где говорят о достижениях предприятий, рассказывают о социальной и кадровой политике, акцентируют внимание на неравнодушных людях, одухотворяющих производственные процессы.

За 95 лет пройден большой путь. Менялись название, формат, объем, дизайн газеты, манера подачи материалов, состав редакции... Незменно одно – достоверность и качество публикаций, высокий профессионализм сотрудников – журналистов и технического персонала, стремление с каждым номером становиться лучше и интереснее для читателей.

Постепенно ориентиром для нашей аудитории, как и для большинства казахстанцев, становится интернет-ресурс. Шагая в ногу со временем, мы развиваем сайт газеты – rail-news.kz, а также социальные сети. Так, ежемесячно материалы на сайте набирают до 400 тысяч просмотров, а количество подписчиков аккаунта rail-news.kz в Instagram почти достигло 17 тысяч.

Не теряет своей актуальности и бумажная версия издания. В настоящее время разовый тираж составляет восемь тысяч экземпляров. Газета распространяется исключительно по подписке и бесплатно для работников АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы». Пользуясь случаем, хочу выразить признательность нашим постоянным читателям за интерес к отраслевой прессе. Мы с удовольствием пишем для вас материалы, ищем интересные инфоповоды и героев для зарисовок.

В редакции, как и на железной дороге, нет случайных людей. Это профессионалы, посвятившие отраслевой журналистике долгие годы ответственного труда. Стаж большинства сотрудников редакции «Қазақстан теміржолшысы» составляет 10 и более лет. Ряд журналистов отмечен государственными и отраслевыми наградами. Стоит отметить, что заместитель главного редактора Меруерт Умирзакова удостоена знака «Почетный железнодорожник», что является высшим признанием со стороны руководства АО «НК «ҚТЖ» и АО «КАЗПРОФЖЕЛ».

Сегодня в газете «Қазақстан теміржолшысы» работает штат корреспондентов в столице и регионах, которые освещают актуальные события из жизни стальной магистрали, фиксируя на бумаге, страницах сайта или в аккаунтах соцсетей газеты очередное событие, которое уже завтра станет частью истории железных дорог Казахстана.

С праздником, любимая газета!
Дина МУЗДУБАЕВА,
главный редактор
газеты «Қазақстан теміржолшысы»



Сергей ПАВЛИНГЕР,
Railways Systems KZ холдингінің
басқарма төрағасы:

Инфрақұрылым

ЖАҢАЛАНҒАН ЖОЛДАР – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Биыл еліміз бойынша үш мың шақырымға жуық магистральдық инфрақұрылымды жаңғырту жоспарланып отыр. 14 мамырдағы жағдай бойынша аталған көлемнің үштен бірі орындалып, желінің жаңартылған учаскелерінің жалпы ұзындығы 1003 шақырымға жеткен.

Сұлғұл БАКЕСОВА,
Астана

Қытаймен шекарадағы халықаралық көлік дәлізінің негізгі буыны болып табылатын Алтынкөл – Жетіген және Сексеуіл – Қызылжар стратегиялық маңызды бағыттарындағы жекелеген теміржол учаскелерін жаңғырту аяқталған. Сонымен қатар 129 шақырымдық Ақсу – Жаңа-Семей теміржол учаскесін жаңғыртудың бірінші кезеңі іске асырылды. Жұмыс жоспарланған кестелерге сәйкес орындалуда. Жобаларды іске асыру темірінде желінің өткізу қабілетін және тасымалдардың сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық көлік маршруттарындағы транзиттік әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы темір жолдардың жай-күйін жақсарту және үздіксіз, қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету үшін 2023 жылдан бастап 2029 жылға дейін 11 мың км темір жолды жөндеу бағдарламасы жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда аталған бағдарлама шеңберінде 4450 шақырым жол жөнделіп, соның ішінде 1640 шақырымнан астамы күрделі жөндеуден өткен болатын. Ал биыл 1557 шақырым жолды күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған.

Мамандар сөзіне сүйенсек, өткен жылдың қорытындысы бойынша Бейнеу – Манғыстау және Павлодар – Семей телімдерінде күрделі жөндеу жүргізу қажеттілігі мәселесіне толық нүкте қойылыпты. Ал биыл Семей – Аягөз және Мақат – Бейнеу телімінде жөндеу жұмыстары аяқталмақ. Сонымен

қатар Астана – Алматы, Астана – Тобыл, Көкшетау – Қостанай, Арыс – Шеңгелді және басқа телімдерде жөндеу түрлері жалғасатын болады.

Жалпы орындалған жұмыстар ұзындығы 1283 км учаскелерде жолаушылар пойыздарының қозғалыс жылдамдығын арттыруға, ағаш шпалдардағы жолдың ұзақтығын 71%-ға қысқартуға, ал жөндеуді қажет ететін учаскелерді 215 шақырымға азайтуға қысқартуға мүмкіндік берді.

Соңғы үш жылдағы жолдың тұрақты қажетаруы мобильді-диагностикалық кешендердің бағалалған арқылы да расталып отыр. Мәселен, 2023 жылмен салыстырғанда 3-ші және 4-ші дәрежелі ауытқулар төмендеп, қанағаттанарлықсыз бағалауға ие шақырымдар 1 303 км-ге қысқарған.

ҚОСЫМША МАРШРУТТАР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

2026 жылғы жазғы маусымда «Жолаушылар тасымалы» АҚ шамамен 4,2 млн жолаушыны тасымалдауды жоспарлап отыр. Оның ішінде 230 мыңға жуық жолаушы Алакөл курорттық аймағына қатынайды деп күтілуде.

Ислам ТАЛФАТ,
Астана

Маусымдық сұраныстың артуына байланысты жазғы кезеңде ҚТЖ тарапынан 15 қосымша теміржол бағдары іске қосылмақ. Алакөл бағытына пойыздар еліміздің ірі қалаларынан, атап айтқанда Астана, Алматы, Семей, Өскемен, Қызылорда және Павлодардан қатынайды.

Қосымша пойыздар мен тіркеме вагондар: №54/53 және №253/254 пойыздары «Нұрлы жол – Достық»; №207/208, №211/212 және №221/222 «Алматы – Достық»; №457/458 «Семей – Достық»; №459/460 «Өскемен – Достық»; «Қызылорда – Достық» тіркеме вагондары; «Алматы – Достық» тіркеме вагондары; «Павлодар – Достық» тіркеме вагондары; №201/202 «Алматы – Нұрлы жол»; №203/204 «Нұрлы жол – Шымкент»; №205/206 «Ақтөбе – Нұрлы жол»; №219/220 «Қарағанды – Балқаш»; №231/232 «Алматы-2 – Семей» бағыттары бойынша ұйымдастырылады.

– Жыл сайын жаз маусымының баста-

луымен жолаушылар тасымалына сұраныс артады. Бұл көп адамның еңбек демалысына және балалардың жазғы каникулға шығуымен байланысты. Әсіресе курорттық аймақтар мен ірі қалаларға қатынайтын бағыттарға қызығушылық жоғары. Осы кезеңде жолаушыларға қызмет көрсету үшін 2 мыңнан астам вагон, оның ішінде стандартты вагондар, «Тальго» құрамдары және электр пойыздары пайдаланылады. Вагондардың 86 пайызы кондиционер жүйесімен жабдықталған. Барлық жылжымалы құрам жазғы тасымалға алдын ала дайындалып, техникалық тексеруден және санитарлық өңдеуден өтті, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ басқарма төрағасы Диар Нүсіпқожанов.

Жолаушылар пойыздарында вагондарды тазалау және санитарлық-гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету бекітілген стандарттарға сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар жолаушыларға арналған жұмсақ алынбалы керек-жарақ заттар белгіленген талаптар бойынша жабдықталады. Барлық бағыттарда жолаушыларға фильм

көруге және музыка тыңдауға мүмкіндік беретін мультимедиялық ойын-сауық порталы қолжетімді. Ерекше қажеттілігі бар жолаушылар үшін арнайы жабдықталған вагондар қарастырылған. Сондай-ақ билет рәсімдеу және вокзалдарда көмек қызметіне өтінім беру бойынша онлайн-сервистер жұмыс істейді. Жазғы тасымал маусымына дайындық жоспарлы түрде жүргізілуде. Осы бағытта ҚТЖ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшылығы, туристік операторлар, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері және салалық қауымдастықтар қатысатын жұмыс кеңестері өткізіліп тұрады. Онда жазғы кезеңдегі жолаушылар тасымалын ұйымдастыру, сұранысы жоғары бағыттарды қамту және қосымша рейстерді іске қосу мәселелері қаралады. Билеттер теміржол кассаларында, билет railways.kz ресми сайтында және цифрлық билет агрегаторларында қолжетімді. Қосымша ақпаратты 1433 тегін нөмірі және «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның Instagram желісіндегі @jolaushylar_tasymaly ресми парақшасы арқылы алуға болады.

БІЗДІҢ ВАГОНДАРДАҒЫ
ЖАҢАШЫЛДЫҚ ТЕК
ТЕХНОЛОГИЯДА ҒАНА
ЕМЕС, ДИЗАЙНДА ДА
КӨРІНІС ТАПҚАН. ЖОЛАУ-
ШЫ САПАР КЕЗІНДЕ ДЕ
КҮНДЕЛІКТІ ДАҒДЫЛЫ
ІСТЕРІН, АТАП АЙТҚАН-
ДА ЖАҚЫНДАРЫМЕН
БАЙЛАНЫСУ, ЖҰМЫС
ІСТЕУ, ОҚУ МҮМКІНДІГІН
САҚТАУЫ КЕРЕК. СОЛ
СЕБЕПТІ ВАГОНДАР
WI-FI, ЖЕКЕ РОЗЕТКА-
ЛАР ЖӘНЕ КЛИМАТТЫ
РЕТТЕУ ЖҮЙЕЛЕРІМЕН
ЖАБДЫҚТАЛҒАН

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ
ДИРЕКЦИЯСЫ БОЙЫНША
2022 ЖЫЛДАН БЕРІ

581

ӨНДІРІСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
НЫСАНЫНА ЖӨНДЕУ
ЖҮРГІЗІЛГЕН.

2025-2026 ЖЫЛДАРДАҒЫ
ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНДА
КӨМІРДІ ТАСЫМАЛДАУҒА
«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ-НЫҢ

29 000

АШЫҚ ВАГОНЫ ТАРТЫЛДЫ.

БИЛІМДІ ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДА
ЖАЛПЫ ТАСЫМАЛДАНҒАН
АСТЫҚ КӨЛЕМІ

4,1 млн

ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ.

ТӨРТ АЙ КӨРСЕТКІШ КӨТЕРІНКІ



Жыл басынан бергі төрт ай ішінде ҚТЖ желісі арқылы 84,4 млн тонна жүк тасымалданған. Соның ішінде республикаішілік тасымалдардың көлемі 54 млн тоннаға жетіп жьғылса, экспорттық тасымалдар 8% өсіп, 30,4 млн тоннаға жеткен.

Қалыптасқан дағды бойынша жүк ағынының негізгі бөлігін тас көмір құрауда. Есепті кезеңде 35,3 млн тонна көмір тасымалданып, бұл 2025 жыл көрсеткішінен 3,3% артық болып отыр. Оның ішінде 24,4 млн тоннасы қазақстандық тұтынушыларға таратылса, 9,9 млн тоннасы экспортқа жөнелтілген. Келесі бір әлеуметтік маңызға ие жүк түрі, астық тасымалы сегментінде де оң қарқын байқалауда. Биылғы төрт айдағы астық тасымалдау көлемі 13% өсіп, 5,3 млн тоннаны құраған. Астық экспорттына келсек, ол 14,4% артып, 4,2 млн тоннаға жеткен. Сондай-ақ ұнтақ өнімдерін тасымалдау 3% артып, 1 млн тоннаны құраса, ал құрама жемнің 1,3 млн тоннасы тасымалданып, өсім 62% құраған. 2026 жылдың төрт айында 6,3 млн тонна мұнай жүктері, 6,6 млн тонна түсті кен, 4,3 млн тонна құрылыс материалдары тасымалданыпты. Бірқатар негізгі номенклатуралар бойынша, атап айтқанда, қара металдар – 7,2%, яғни 2,5 млн тоннаға дейін, химиялық тыңайтқыштар – 3,7%, яғни 1,7 млн тоннаға дейін, темір кені мен марганец – 1,3%, яғни 6,7 млн тоннаға дейін тасымалдаудың өсімі байқалып отыр.

Нұрбек БЕКЕН

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ БАҚЫЛАУДА

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Көлік министрлігінде вокзалдарды жаңғырту бойынша өңірлер мен ҚТЖ басшыларының есебі тыңдалды.

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі ғимаратында көлік вице-министрі Жәнібек Тайжановтың төрағалығымен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен теміржол вокзалдарын жаңғырту мәселелері бойынша жұмыс кеңестері өтіп, оның аясында жобаларды іске асыру барысы, құрылыс-монтаж жұмыстарының қазіргі қарқыны және нысандарды уақытылы аяқтау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндамалар тыңдалды.

Кеңестерге Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Абай және Жетісу облыстары әкімшіліктерінің өкілдері қатысты.

Кеңестер қорытындысы бойынша өңірлердегі теміржол вокзалдарын жаңғырту жұмыстарын сапалы әрі уақытылы аяқтауға бағытталған тиісті тапсырмалар берілді. Көлік министрлігі жобалардың іске асырылуын тұрақты бақылауда ұстап отыр.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТАРЫН ЖЕТІЛДІРДІ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның еншілес ұйымдарында «Аманат» партиясының бастамасымен республикалық «Қарызсыз қоғам» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылуда.

Бұл жоба қызметкерлердің қаржылық сауаттылығын арттыруға, түптеп келгенде қарыз мәселелерін шешуде нақты көмек көрсетуге бағытталып отыр.

Жоба онлайн және офлайн форматта жұмыс істейді. Қызметтер халыққа тегін ұсынылады. Жуырда партия филиалымен бірлескен меморандум аясында «ҚТЖ» ЖШС Семей филиалы қызметкерлері үшін арнайы семинар-тренинг өткізілді. Оның барысында барша қатысушылар жобаның қызметтерімен толық танысып, несиелік қарыздарды реттеу, қарыз картасын жасау, жеке бюджетті жоспарлау сынды бірқатар өзекті мәселелер кеңінен қарастырылды.

– Жайсыз әлеуметтік жағдай теміржолшылардың көңіл-күйіне, ал ол өз кезегінде жұмыс істеу қабілеттеріне теріс әсер етері сөзсіз. Ал халықтың шектен тыс несие қарызына батуы – қоғамдағы ең өткір проблемалардың бірі. Сондықтан бұл әлеуметтік жоба өзекті мәселенің салдарымен де, себебімен де күресуге мүмкіндік береді. Мақсатымыз – қызметкерлеріміздің қаржылық сауаттылығын меңгеруіне арттыру, қаржыны басқара білу әдістерін меңгеруіне жәрдемдесу. Осындай семинар-тренингтерден олар мол мағлұмат, пайдалы ақпарат алып, дағды қалыптастыратыны анық, – дейді Семей ЖТ филиалы кәсіподақ ұйымының және бөлімше бойынша «Аманат» партиясы бастаушы ұйымының төрайымы Айгүл Берікболова.

Қатысушылар қаржы мәселесі бойынша толғандырған сұрақтарын қойып, кәсіби маманнан нақты кеңестер алды. Аталмыш семинарларды алдағы уақыттарда желі бойындағы өзге де теміржол мекемелерінде өткізу ойластырылуда.

«ЖАҚСЫ» НЕМЕСЕ «ЖАМАН» МАМАН ЖОҚ



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Шиелі станциясы – Сыр өңірінің логистикалық картасындағы маңызды түйін. Орынбор – Ташкент магистралінің бойындағы станция арқылы ерсілі-қарсылы өтіп жатқан транзиттік пойыздарда есеп жоқтай. Күндіз-түні қозғалыстағы станция жұмысы айрықша қауіпсіздікті талап етеді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Шиелі станциясының бастығы Нұрғали Әбжапаровтың айтуынша, биылғы жылдың алғашқы үш айында Шиелі станциясының өндірістік жұмыс ырғағында ерекше серпін байқалған, көрсеткіштердің жалпы нобайы 112 мен 123 пайыз аралығында орындалып отыр. Жоспарланған 1075 вагонның орнына 1323 вагон тиеліп, жеке 123 пайыз орындалды. Бұл – өткен жылғы 1200 вагондық көрсеткішті артқа тастаған үлкен жетістік. Жүк түсіру жұмыстарында да қалыс жоқ. Жоспардағы 3850 вагонның орнына 4325 вагон қабылданып, жоспар 112 пайызға бағындырылған.

Теміржолшылар үшін әр минут есепте. Бір жүк операциясы кезіндегі вагонның тұрып қалу уақыты 12,31 сағатты құрап, тиімділік деңгейі сақталды. Ал транзиттік вагондардың жылдамдығы жоспардан 105% асып түсіп, шиелілік теміржолшылардың кәсіби шеберлігін көрсеткен.



– Біздің ұжымда «жақсы» немесе «жаман» маман деген түсінік жоқ. Станция кезекшілерінен бастап пойыз құрастырушылар, вагон қараушылар мен жүк қабылдап-тапсырушыларға дейін бәрі де өз ісінің шеберлері, нағыз майталмандар. Біз алып сағат механизмі секілдіміз, бір тетік тоқтаса, бүкіл жүйе іркіледі. Сондықтан осы үш айдағы талайым табыс – бүкіл ұжымның табысы, – дейді станция бастығы.

Алайда, осынау жетістіктер көлеңкесінде жан ауыртар бір мәселе тұр. Станция

аумағында жолдарды «ажал соқпағына айналдырған» тұрғындардың темір жолды белгіленбеген жерден кесіп өтуі тыйылмай отыр. Болат жолдың бойындағы бір сәтсіз қадам – бір өмірдің үзілуі немесе тағдырдың талқаны шығуы. Пойыз – секунд ішінде тоқтай салатын жеңіл көлік емес. Ол тонналармен өлшенетін, өз жолынан ауытқымайтын алып күш. Осы күшті сес көрмейтін жанынан безгендер темір жолдың табанын қанға бөктіруді тоқтатар емес. Ал теміржолшылардың кәсіби міндетіне тағы бір міндет қосылды. Ол – теміржол бойында бей-берекет жүретін, оны кез келген жерден кесіп өтуге ұмтылатын бөгде адамдармен күрес, малды жолдан аластау жұмысы. Тұрғындардың асығыстығы мен немқұрайлығы, құлаққап киген жастардың жауапсыздығы Шиелі станциясының ұжымы үшін бас ауруға айналғалы қашан. Жүк айналымын арттыру үшін тер төгіп жүрген теміржолшылар, өкінішке қарай, осындай жауапсыз жандардың өмірін сақтау үшін жауапкершілік арқалауда.

Суретті түсірген автор

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ТИІМДІ



ЖОБА

Астанада «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ-нің ұйымдастыруымен кәсіптік бағдарлау курсы өтіп, оған жамбылдық алты жеткіншек қатысты. Үш күндік оқу курсы кәсіподаққа мүше көлік саласы қызметкерлерінің 9-10 сыныптарда оқитын балаларына арналған. Жас жеткіншектерге мамандық таңдауда кәсіби бағдар беруді мақсат тұтқан пилоттық жобадан күтетін нәтиже көп.

Ардақ ҮСЕЙНОВА,
Жамбыл

«Қазтеміржолкәсіп» ҚБ Жамбыл филиалының төрағасы Ерболат Жидебаевтың айтуынша, теміржолшылардың балаларына арналған кәсіби бағдар беру лагері оқушылар үшін танымдық сапар болған. Кәсіптік бағдарлау курсына психологтар қатысушыларға тренингтер ұйымдастырып, педагогтар кеңес берген.

– Бағдарлама аясында оқушылар Coventry University Kazakhstan, Maqsum Narikbayev University, Astana IT University, Cardiff University Kazakhstan және Nazarbayev University сияқты беделді жоғары оқу орындарын аралап, олардың білім беру жүйесімен, заманауи инфрақұрылымымен және кең мүмкіндіктерімен жан-жақты танысты. 9-10 сынып оқушылары үшін дәл қазіргі шақ – өз бағытын айқындап, мамандық таңдайтын кезең. Осындай жауапты кезде


жас жеткіншектерге кәсіби бағдар беру қажет. Оқу курсының «Жасөспірімдерді кәсіптік бағдарлау. Жаңа буынның кәсіби өзін-өзі анықтау бағдарламасы» деп аталғаны да сондықтан. Біздің өңірден оқу курсына жіберілген жас жеткіншектердің бару-келу жолына, тамақтануына, жүріп-тұруына керекті барлық жол шығынын кәсіподақ ұйымы өтеді. Арнайы куратор бекітіп, бірге жібердік, – дейді Ерболат Асылханұлы.

Оқу курсына тренерлер түрлі ойындар мен конкурстар өткізген. Жамбылдық оқушылар танымал киноларға қазақша дубляж жасап, жобаларын қорғаған. Ата-аналар бұл курс жас жеткіншектерге өмірлік таңдау жасауда бағыт бергенін айтып отыр. Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі экономика бөлімінің бастығы Айсар Алишев теміржолшылар кәсіподағы ұйымының бастамасы жас ұрпаққа тағылымы терең, мазмұны бай, маңызды жоба болды дейді. – Кәсіби бағдар беру курсына мамандар

әр оқушының қызығушылығы мен қабілетін айқындаған. Жасанды интеллект дәуіріндегі сұранысқа ие мамандықтар, еңбек нарығындағы жаңа бағыттар, кәсіпкерлік пен креативті индустриялар туралы түсіндіріліп, оқушылардың кәсіби ойлау көзкіеі кеңейе түсті. Нәтижесінде қатысушылар өз болашағына деген көзқарасын жаңаша қалыптастырып, қандай бағытта дамуы керектігін нақты түсіне бастады. Кәсіби бағдар беру лагеріне барып келгелі ұлымның өзіне деген сенімі артқанын байқадым. Балалар жаңа ортада еркін пікір алмасып, замандастарымен тәжірибе бөліскені көп септігін тигізді, – деп өзі-пікірін білдірді Айсар Сатталұлы.

Ата-аналар алдағы уақытта да осындай кәсіби бағдар беру лагерлері жиі ұйымдастырылса деген ұсыныстарын жеткізді. Мұндай жоба жас ұрпақтың көзкіеігін кеңейтіп, олардың саналы таңдау жасауына мүмкіндік береді.

КӨКТЕМГІ БАЙҚАУ КЕМШІЛІКТЕРДІ АНЫҚТАДЫ



ҚОРЫТЫНДЫ

Атырау өңірінде көктемгі тексерісті қорытындылаған жиын өтіп, оның барысында станциялардың техникалық жағдайы, жолдың үстіңгі қабаты, магистральдық инфрақұрылым мен жасанды құрылыстардың, су мен жылу нысандарының жағдайы сараланып, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері, орталықтың бұйрықтары мен басқа да нұсқаулықтарын орындау тәртібі қаралды.

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, ғимараттардың абаттандырылуы, жұмысшылардың тәртібі қанағаттанарлық. Дегенмен, Атырау магистральдық желі бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары Аманқос Жылқышевтің баяндағанындай, кемшіліктерге де жол берілген. Атырау бөлімшесі бойынша барлығы 1022 кемшілік анықталып, 58 тыйым салу шаралары белгіленген. Соның ішінде 10 жолды жабу шарасы, 48 жерде жылдамдықты шектеу немесе қайта орындау шарасы қолданылған. Тексеріс кезінде байқалғандай, қай салада да бірқатар кемшіліктер жіберілген.

Оның айтуынша, соңғы үш жылда аймақта жол шаруашылығы бойынша 159 шақырым жолға күрделі жөндеу, 45 шақырым жолға орташа күшейтілген жөндеу жүргізіліп, 80-ге жуық жаңа, 60-қа тарта ескі бағыттамалы бұрмалар ауыстырылыпты. Соған қарамастан Атырау, Махамбет, Теңдік, рзд. Таскескен, Қарабатан, Ескене, Доссор, Мақат дөңесалды жолы, рзд. 472, Құлсары станцияларында жол дистанциясы тарапынан кемшіліктер азаймай отыр. Себебі Атырау және Құлсары жол дистанциясы мамандары күнделікті жолдың жағдайын бақылауды, оны күтіп-ұстауды өз деңгейінде жүргізбейді, тек жаңа қондырғыларды ауыстырумен шектелуге бейімделген. Сол секілді жанама жолдарға да назар ауда-

рылмайды. Жол мамандарының білім деңгейі жетілдіруді қажет етеді. Басшының пікірінше, жол шаруашылығы бойынша кеткен кемшіліктің 90%-ы мекеме басшылары мен ортаңғы буын басшыларының өзіне жүктелген міндеттерді талапқа сай орындамағандықтан, сондай-ақ жүйелі жоспардың болмау салдарынан жіберілген. Жол дистанциялары басшыларына 1 ай мерзім ішінде аталған кемшіліктерді түзеуге тапсырма берілді.

Белгі беру және байланыс дистанцияларында да кемшіліктер бар. СОБ құрылыстарында негізгі ауытқулар технологиялық процесс кестесінің сапасыз орындалуынан орын алған. Бірқатар станциялар бойынша станциялық рельс тізбектерін, бағыттамалы электр жетектерін, аккумулятор шаруашылығын тексеру сапасыз жүргізіледі. Барлық арақашықтықтарда техникалық құжаттаманы жүргізу, оның ішінде ДУ-46, ПШУ-2 журналдарындағы жазбаларды ресімдеу, құрылыстарды тексеру картотеканы толтыру бойынша ескертулер бар. Қызметкерлердің білім деңгейінің төмендігі де байқалады, ал бұл технологиялық процесс кестесін орындау сапасына әсер етеді. Атырау электрмен жабдықтау дистанциясы бойынша да тыйым салу шаралары қолданылып, еңбек және қауіпсіздік техникасы тұрғысынан ескертулер жасалды. Жалпы, Атырау магистральдық



желі бөлімшесі бойынша әртүрлі деңгейдегі 13 басшы тәртіптік жазаға тартылып, кеткен кемшіліктерді белгіленген мерзімде орындаулары міндеттелді. Жыны барысында бас ревизордың орынбасары Сұңғат Туқеев те өз саласы бойынша кемшіліктерге тоқталды. Жол шаруашылығы бойынша Атырау – Құлсары учаскесінде Махамбет, Атырау, Теңдік, Ескене, Құлсары станцияларында бағыттамалы бұрмаларды күтіп ұстау деңгейі нашар, мұнда барлығы 715 тыйым салу шарасы қолданылған. Кемшіліктің алдын алу және болдырмау шаралары жеткілікті қарастырылмайды, дистанцияның жоғары және орта буын басшылары, жол шеберлері тарапынан тексерулер, жолды тігінен және көлденеңнен өлшеу дұрыс жүргізілмейді, анықталған кемшіліктер дер кезінде тү-

зетілмейді, мамандардың білім деңгейі төмен, кәсіби біліктілік жетіспейді. Ол әрине техникалық сабақтардың сапасыз жүргізілуінің күәсі дейді ревизор. Жолдарда шіріген шпалдар да кездеседі.

Локомотив деполарындағы негізгі кемшілік – еңбек және демалыс режимі жүйелі түрде бұзылады, деподағы технологиялық тәртіп те босаң. Тежегішті басқарудың бұзылу себебі талқыланбайды, жанармайды шамадан тыс жұмсаудың алдын алу шарасы алынбаған, цехтардың жұмысы жеткілікті түрде тексерілмейді. Кейбір машинистер демалмастан жұмыс істеген, ол өте үлкен тәртіп бұзушылық. Машинистер бригадасының біртұтас болуы, ажырамай үнемі бір құрамда болуы жиі бұзылады. Ал ол – қауіпсіздіктің басты талаптарының бірі. Қосалқы бөлшектер де жетіспей қалады. Машинистердің сөйлесу регламенті мен КЛУБ-У, БОРТ сапасын ажырату немқұрайлы жүргізіледі. Нұсқаушылар сабақ жоспарын толыққанды орындамайды, кейбір сабақтарда 10 тақырып қатарынан өтеді, бұл – материалды ұғынуға қиындық туғызатын құбылыс.

Вагон қараушылар тарапынан вагонды қарау кезінде қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін кемшіліктер анықталмай жатады. Мәселен, тексеріс барысында 13 жүк пойызының 70 вагонынан ақау табылған, 12 вагон пайдаланудан шеттетіліп, 7 вагон қайта жөндеуге жіберілген. Соған сәйкес станцияларда вагондарды қайта бақылау-тексеру кезінде аса мұқият болуы қажеттігі қаперге берілді. Сондықтан

өндірістік-техникалық қызмет көрсетудің сапасын арттырып, вагонқараушылардың жұмысына бақылау жүргізу қажет. Депода басшылық тарапынан өндірістік тәртіп пен бақылау да төмен жағдайда екені байқалады. Ревизордың айтуынша, вагон жөндеуші «Ақжайық-7» ЖШС-де вагон жөндеудің технологиялық талаптарын бұзу жүйелі түрде орын алады. Жоспарлы жөндеу жұмыстары жүк вагондарын жөндеу барысында төмен деңгейде жүзеге асырылады.

Өңірде «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» филиалының Атырау теліміне қарасты қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуші, жолаушы вагондарын жөндейтін «Вагонсервис» АҚ-ның жұмысы да жеткілікті деңгейде емес екен. ЛВРЗУ-2, ЛВЧР-2 басшылығы тарапынан қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жеке нормативтерді орындауы толық көлемде емес, техникалық сабақтар деңгейі төмен. Мекемеде вагон жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектер жетіспеушілігі анықталған. Ол жауапты мамандардың вагон жөндеу бағытындағы талаптарды және вагон жөндеушілердің жауапкершілігін күшейтуді қажет етеді.

Өрт сөндіру және қалпына келтіру пойыздары бойынша техникалық сабақтардың сапалы өтуіне бақылауды арттыру қажет. Су шашу, өрт сөндіру, басқа да техникалық құрылыстардың сапасын үнемі тексеріп, ескіргенін жаңартып отыру қаперге берілді. Аталған пойыздарда кейде тіпті жанармай болмай қалады екен. Ондайда апатты жағдайда оқиға орнына шұғыл түрде қалай жетпек деген заңды сұрақ туындайды.

Жиынды қорытындылаған Атырау магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Аралбай Қосымбаев орын алған кемшіліктің деп адам факторынан болып отырғанын атап өтті. Аталған жайттар саралана келе, бөлімше басшылығымен аталған кемшіліктерді жою, көктемгі тексеріс комиссиясы анықталған оқиғалықтарды түзетіп, қалыпна келтіру жөнінде шешім қабылданды.

Суретті түсірген автор

СТАВКА НА РАЗВИТИЕ ТРАНЗИТА



СОВЕЩАНИЕ

Развитие железнодорожной инфраструктуры и увеличение транзитного потенциала страны стали одной из ключевых тем совещания под председательством Премьер-министра Казахстана Олжаса Бектенова. В ходе встречи рассмотрены вопросы исполнения поручений Главы государства по развитию транспортно-логистической отрасли, включая железнодорожные, морские и авиационные перевозки.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

С докладами выступили представители Министерства транспорта, ФНБ «Самрук-Қазына», Қазақстан темір жолы, а также холдинга Turlov Private. Основное внимание было уделено развитию национальной грузовой авиакомпании и фор-

мированию эффективного транзитного коридора по маршруту Китай – Казахстан – Западная Европа.

Отдельный блок совещания касался железнодорожной отрасли. Были озвучены планы по дальнейшей модернизации инфраструктуры и расширению возможностей казахстанской железнодорожной сети. В част-

ности, речь шла об увеличении пропускной способности магистралей, развитии логистических узлов и совершенствовании тарифной политики для повышения конкурентоспособности транзитных перевозок.

Также обсуждены меры по увеличению загрузки морских портов Актау и Кuryk. Предполагается, что это

позволит нарастить объем перевозок грузов из стран Центральной Азии в направлении Кавказа и государств Западной Европы.

В рамках развития грузовой авиации рассмотрены вопросы ускоренного запуска операционной деятельности компании, поэтапного вывода воздушных судов на линии, обеспечения авиатопливом по конкурентной стоимости, а также развития сопутствующей инфраструктуры – аэропортовых мощностей, грузовых терминалов и складской логистики.

По итогам совещания Премьер-министр дал ряд поручений государственным органам и профильным организациям, подчеркнув необходимость системного развития транспортной инфраструктуры и укрепления транзитного потенциала Казахстана.

УКРЕПИТЬ СВЯЗИ


